Тыйым салу әліппесі бойынша анықтама берілді

1

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ

Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылы
Екі мың жиырма бесінші жылы желтоқсанның жиырма төрті күні.

Біздер, төменде қол қоюшылар: **ЧАЛАБАЕВ ЕСКЕНДИР АЛАКАЙОВИЧ,** 18.11.1979 жылы Түрікменстанда туылған, ЖСН 791118300433, тұрғылықты жері: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 7 шағын ауданы, 17 үй, 44 пәтер, Мұнайлы ауданының нотариусы Орақбайұлы Е. 21.12.2025 жылы №2143-ші тізілімде куәландырылған сенімхат негізінде оның атынан іс әрекет жасайтын ЧАЛАБАЕВ ЖАНУЗАК АЛАКАЙОВИЧ, 13.05.1984 жылы Түрікменстанда туылған, ЖСН 840513300172, тұрғылықты жері: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 7 шағын аудан, 17 үй, 44 пәтер, бұдан былай «**САТУШЫ**» деп аталатын, бір жағынан және екінші жағынан **«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі,** БСН 070740007301, Мұнайлы ауданы әкімінің 2024 жылғы 16 қазандағы №03-1-4/22 жқ өкімі негізінде әрекет етуші бөлім басшысы **ЖАНБУРШИЕВ АМАЛБЕК КЕМЕЛБЕКОВИЧ,** 11.03.1990 жылы Маңғыстау облысында туылған, ЖСН 900311301562, тұрғылықты жері: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын ауданы, 4 үй, 102 пәтер, бұдан әрі **«САТЫП АЛУШЫ»** деп аталатын болып өзара төмендегідей мазмұнда осы келісім - шартты жасадық:

1. «САТУШЫ» сатты, ал «САТЫП АЛУШЫ» **ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, №24 квартал, №44/4 үй,** Литер А: **Жалпы алаңы – 80,4 ш.м., тұрғын алаңы – 54,8 ш.м.**, үш тұрғын бөлмесі, дәліз, санитарлық торап, ас бөлмесі бар, құдық-6,5 ш.м., септик-5,6 ш.м., дуал-L= 11.63 п.м., жер теліміне жеке меншік құқығы, Жердің санаты: Елді мекендердің (қалалар, поселкелер және ауылдық елді мекендер) жерлері, жер телімін нысаналы тағайындау: **тұрғын үй құрылысын салу және өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін**, жер телімін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар: **жоқ**, жер телімінің бөлінуі: **бөлінбейді**, жер телімінің алаңы: **0,0275** га, жер телімінің кадастрлық нөмірі: **13-203-074-1182** жер телімімен бірге сатып алды.
2. Көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге «САТУШЫҒА» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Мұнайлы ауданының бөлімінде 02.04.2025 жылы тіркелген Мұнайлы ауданының нотариусы Г. Ж. Туленова 01.04.2025 жылы №2529 тізілімінде куәландырылған Жылжымайтын мүлікті жер учаскесімен бірге сатып алу-сату туралы келісім-шарты және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Мұнайлы ауданының бөлімінде 29.10.2025 жылы тіркелген 17.10.2025 жылы Маңғыстау ауылы әкімінің №KZ19VBH00287900 шешімі және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалының Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Мұнайлы ауданының бөлімінде 08.12.2025 жылы тіркелген 04.12.2025 жылғы Меншік иесінің салынған объектіні пайдалануға дербес қабылдау актісі негізінде жеке меншік құқығымен тиісті.
3. «САТУШЫ» көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге бюджетке немесе қандай да бір төлемдері бойынша борыштарынан еркіндігі жөнінде кепілдік береді.
4. Көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге № 15829044-ЗЖ1 Тұрғын үй-жайды мемлекеттік сатып алу жөнінде қорытынды туралы хаттама негізінде, лоттың №81874252-ЗЖ1 сәйкес **16 959 500 /он алты миллион тоғыз жүз елу тоғыз мың бес жүз/** теңгеге сатылды, **ЧАЛАБАЕВ ЖАНУЗАК АЛАКАЙОВИЧКЕ** тиесілі «Alatau City Bank» АҚ-ның KZ03998PB00014282893, ағымдағы шотына күнтізбелік 30/отыз/ күннің ішінде аударылады. Тараптар бір-біріне ешқандай шағымы жоқ екенін растайды.
5. «САТУШЫ» көрсетілген тұрғын үйді, жер телімімен бірге ері/жұбайы **БАЙЛЕПЕСОВА МАЙРАМКУЛ ДОКТЫРБАЕВНАНЫҢ,** 06.03.1983 жылы Өзбекстанда туылған, ЖСН 830306402722, келісімі арқылы сатты.
6. Баға келісімі шарттың маңызды талабы болып табылады, егер басқа да жағдай туындағанда шынайы бағасын жасырғандары үшін нотариус жауапкершілігіне алмайтындығы тараптарға түсіндірілді.
7. «САТУШЫ» өзінің айтып растауы бойынша және «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалының анықтамасына сәйкес көрсетілген жылжымайтын мүлік, жер телімімен бірге құқықтық жүктемелер және заңдық талаптар мен мәмілелер тіркелмеген, осы

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

келісім шартқа дейін сатылмаған, сыйланбаған, дау мен тыйым салуда жоқ. тұрғын үй, жер телімімен бірге пайдаланудағы ауырпашылықтары мен шектеулері жоқ.

8. «САТУШЫ» көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге сатуына, немесе қандай да бір мәміле жасақтауға оған кедергі болатындай басқа үшінші бір тұлғаның ауыртпашылығы жоқтығын мәлімдейді. Жасырғаны үшін Заңды түрде жауапкершілікке тартылатынын міндетіне алады.
9. «САТУШЫ» көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге үшінші бір тұлғаның жалға алу келісімі негізінде құқығынан еркіндігі жөнінде кепілдік береді.
10. Егер, көрсетілген тұрғын үй, жер телімімен бірге үшінші бір тұлғаның ауыртпашылығы болған жағдайда «САТУШЫ» осы келісім шарт бойынша «САТЫП АЛУШЫҒА» келтірілген моралдық және материалдық зиянын өтеуді міндетіне алады.
11. Осы шартқа қол қойылған сәтте "САТЫП АЛУШЫДА" көрсетілген тұрғын үйге, жер телімімен бірге техникалық жай-күйіне наразылықтар жоқ.
12. Осы келісім шартты рәсімдеу бойынша шығындарды САТУШЫ төлейді.
13. ҚР Азаматтық кодексінің 118, 157, 188, 238, 378, 380, 382, 393, 401,406, 413 бабы, «Неке және отбасы» туралы заңының 33, 34 бабы нотариуспен түсіндірілді.
14. Осы келісім-шарт міндетті түрде алты ай мерзім ішінде тіркеуші органда тіркеуге жатады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 460 бабы бізге түсіндірілді.
15. Тараптар осы келісім біздің сөзімізден жазылды, мазмұнын біз оқып шықтық, жасақталған нотариалдық әрекеттің мәні, мағынасы, құқықтық салдары бізге нотариуспен түсіндірілді және біздің мақсатымызға, еркімізге толықтай сәйкес келеді.
16. Осы құжатқа қол қою үстінде іс әрекетке қабілеттілігімізден шектелмегенбіз, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта тұрмаймыз, есірткілік, улы заттарды немесе спирттік ішімдіктерді қабылдаған күйде тұрған жоқпыз, денсаулық жағдайымызға байланысты қандай болса да өзіміздің заңды құқығымызды қорғаймыз және міндеттерімізді толықтай орындай аламыз, осы құжаттың мәнін, мағынасын білмей қол қоюға бізге кедергі болатындай аурумен ауырмаймыз, сондай ақ, біз осы құжатты қандай да бір қара ниеттілік келісімдермен, алдау-арбаулы түрде немесе адасуда жасақтаған жоқпыз, сондай ақ бізге қорқытумен ықпал етіп ауыр жағдайда тұрмағанымызды мәлімдейміз.
17. Осы келісім-шарт үш данада жасақталды, біріншісі нотариус Е. Орақбайұлының, істерінде сақталады, екінші, үшінші данасы тараптарға беріледі.

Қолтаңбалар:

1. Чалабаев Жанузак Алакайович

2. Танбуршиев Ажалбек Кемелбекович

«24» ЖЕЛТОҚСАН 2025 жылы Мен, Орақбайұлы Ерұлан, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 02.08.2024 жылы берген мемлекеттік лицензия №24024926, Қазақстан Республикасы Маңғыстау аумақтық нотариалдық округі Мұнайлы ауданы нотариусы осы шартты куәландырдым. Шартқа тараптар менің қатысуыммен қол қойды. Шартқа қол қойған тараптардың жеке басы анықталды және олардың әрекет қабілеттілігі, иеліктен алынатын жылжымайтын мүліктің азамат (ша) **ЧАЛАБАЕВ ЕСКЕНДИР АЛАКАЙОВИЧКЕ** тиесілі екені тексерілді.

Осы шарт бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтардың туындауы, өзгеруі және тоқталуы тіркелу органында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Тізілімде тіркелді № 2226

Өндірілді: ҚР СК-нің 611 б. және ҚР «Нотариат туралы» Заңының 30 -1б. сәйкес

Нотариус **Орақбайұлы Е.**

АН12081002512241802 14H95048B

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия